

*Хасың – Құдайдың бір аты*

# ХАСЫН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ТӘУЕЛСІЗ АПТАЛЫҚ

## Тұрсынбай датқа

Осыдан жиырма жылдай бұрын ағайындардың бір жиналысында Тұрсынбай датқа туралы мәселе көтеріліп, оған ас беріп, бәйге шаптырсақ дұрыс болар еді деген пікірлер айтылған болатын. Бұл, сөз жоқ, тәуелсіздіктің арқасы да, шарапаты да тұғын. Бұл өткен тарихымызға мойын бұрып, одан бүгінге қажеттімізді алайық деген ойдан туған-ды. Сонда Сыр бойының мұндай кезінде халқына қызмет еткен, ел мұддесі үшін бастарын құрбандыққа да шалған көрнекті тұлғасын алдымен тарихтан аршып алған жөн деген ой тасталды.

Мұның реті бар еді. Біріншіден, кешегі кеңестік заманда мұндай тұлғалардың барлығы дерлік үstem тап өкілі, қанаушы ретінде саналды. Екіншіден, Тұрсынбай би, датқа, оның үрпақтары туралы тек ауызша әңгімелерге сүйеніп әрекет ету жеткіліксіз болатын. Тарих, ғылым нақтылықты сүйеді. Және тарихқа женіл-желпі қарауға болмайды. Оны ертеңгі күн кешірмейді. Ушіншіден, Тұрсынбай датқа – дар құрған адам, оның «дар құрған Тұрсынбай датқа» деген аты да бар болатын. Алайда көпке дейін бұл мәселеге бел шешіп кірісетін азамат бола қоймады. Шынында да, тарихты сөйлету кім болса соның қолынан келе беретін дүние емес. Бұған тарихты сую жеткіліксіз, маман, ыждағатты, білім-ілімі бар, еңбеккор адам қажет. Сөйтіп арада біраз уақыт өтті.



Қазақта «Қоянның қашуына, мылтықтың басуы» деген сөз бар. Менің кіндік қаным тамған «Айдарлы» елді мекенінде інім, белгілі кәсіпкер, меценат Махмуд Нәлібаев мешіт ашты. Осы жиында Әбдіраман Әлсеріков ағайым менің Астанадан келгенімді пайдаланып Тұрсынбай датқаны тағы ауызға алып, бұрынғы әңгімелерден еш жылжу болмай жатқанын айтып қалды. Мен дереу осында келген белгілі журналшы, жазушы, этнограф зерттеуші, тарих бетін бүгінгі күнге еркін ашып жүрген Тынышбек Дайрабай бауырымды іздедім. Ол табыла кетті де, оны Әбдіраман аға мен оның баласы Мұхамедисаға таныстырудын да, «сіздердің көптен көкейде жүрген жұмбақтарынызды осы тарихты сөйлетіп, өлгендерді тірілтіп жүрген бауырым шешеді» дедім.

Енді Сыр бойының Бұдабай, Арғын Мәнсүр, Қожа Палман, т.б. ақындарының жырларына, ел аузында көптеген әңгімелерге арқау болған атақты би, әрі датқа атанған Тұрсынбай Бүркітбайұлы тарихта кім болған еді? Біз Тұрсынбай датқа туралы не білеміз?

XIX ғасырдың басында қазақ даласының оңтүстік аймағының саяси ахуалы өзгеше дамыды. Үш ғасырға созылған жонгар шапқыншылығы ішкі бірліктің әлсіреуіне, алып аймақтың тұтастығының бұзылуына, Ұлы даланың бөлшектенуіне алып келді. Кіші жүз және орта жүз аймақтары патшалық Ресейге бағынған жеке хандықтарға айналды. Ал

Оңтүстік өлкені Қоқан және Хиуа хандықтары басып алды. Сөйтіп қазақ халқы өз билігінің өзінде болмауынан жүздеген жылдар діні бөлектің де, діні бірдің де түрліше езгісінде болып, талай тақсіреттің аңы тұзын татты, тағдырдың тәлкегін барынша көрді.

Қазақ даласын басқару жүйесін отаршылдар өз қалауларына сәйкес өзгерту. Ресей патшасы сан ғасыр келе жатқан хандық құрылымның орнына ел билеу тізгінін сұлтандық жүйеге ұстартты. Қоқан хандығы оңтүстік өлкені өзінше басқарып, жергілікті билік тізгінін өз тараптарынан ойластырылған датқалық жүйеге тапсырды. Датқалар тек ханға немесе әмірге ғана бағынып, билерден жоғары, сұлтандармен шендес дәрежеде болған. Олар өз аймактарында әрі би, әрі қолбасы болып саналып, басқаруда әкімшілік қызметпен қатар, әскери міндеттер де атқарған, сондай-ақ өздеріне қарасты ауылдың тыныштығын бақылау да қолдарында болды.

Жалпы, Түркістан өлкесін басқарған датқалардың басым көпшілігі «әділетті басқарушы» деген мағына үдесінен шыға білген. Ол туралы кейінгі кезде мерзімді басылымдарда, жекелеген енбектерде жазыла бастады. Сыр бойының қыпшақтар жайлаган аймағын басқарған Торғай, Тұрғанбай, Досбол датқалар туралы ел аузындағы аңызға айналып кеткен әңгімелер жетерлік. Қолымызда нақты мәліметтер аз болғанымен, аксақалдардан естіген әңгімелер осыған мегзейді. Мысалы, Сыр еліндегі халық датқа аталған билерге: «...Бала би дана би ғой, Досбол – достың құшағын аштыратын дос, пейілді би десе, Тұрғанбай мен Тұрсынбай – қасының құтын қашырған, билік пен батырлықты қатар ұстаған», - деп баға берілген.

Міне, осында Сыр бойындағы датқалардың жасы үлкені де, өзгеше мінездісі де, қайсарлысы да Тұрсынбай Бұркітбайұлы болған көрінеді. Ол қазіргі Сырдария ауданына қарасты Ханым шыққан деген елді мекенде, кейін «Тұрсынбай қорғаны» аталып кеткен жерде бекініс салдырып, сонда тұрыпты. Орыс офицері, подполковник Макшеевтің «Описание низовьев Сыр-Дарьи» атты зерттеу енбегінің 48-бетінде қыпшақ Қабыл батырдың төбесі мен Боктыөлеңдегі Тұрсынбай датқа бекінісінің Перовскіден 18-20 шақырымда екенін жазған.

Жалпы, Тұрсынбай Бұркітбайұлы ел билігіне 22 жасында араласып, 40 жылдан астам датқалық қызмет атқарады. Сырдария шебінің құжаттарында оның есімі 1840 жылдардан бастап көрініс береді. Тұрсынбай би туралы түрлі жазбаларда оның іс-әрекеті, жаз жайлauуы мен қыс қыстауы, басқа да жазылымдар 1862-1863 жылдардағы мұрағат құжаттарында мен мұндалайды.

Бұл уақыт орыс патшасының қазақтың оңтүстік өніріне аяғы жете алмаған, бірақ көкейінен бір сәт шыға қоймаған кезі болатын. Эйтпесе сонау Сыр бойындағы қазақты арнайы делегация құрамында Петерборга шақырып, зауряд хорунжі (би еткен) әскери шенін беретіндей, Станислав лентасымен және алтын медальмен маралаттайтындаі ол орыс билігіне не істей алғаны бізге мәлімсіз. Біздің білетініміз – бұл ертөнді күнге көпір салу, Тұрсынбай датқа сияқты Сыр қазақтарының билерінің өз аймактарындағы ықпалын кейін ретті жерінде өз дегеніне пайдалану да болатын. Біздің білетініміз патшалық Ресей өзінің отарлық саясатында еш әдіс-айлалардан тартынып қалған жок. Көнгенге сөзі, көнбекенге қылышы дайын тұрды.

Тұрсынбай датка туралы ел арасында аңыз-әңгімелер жетерлік. Аңыз-әңгімелердің қазақ тарихында елеулі рөл атқарғаны белгілі. Ғұлама ғалым Ақселеу Сейдімбековтің «Қазақтың ауызша тарихы» атты керемет монографиясы бұған толық дәлел бола алады. Және халық ауызша әңгімелерде азын-аулақ әсірелеуге барғанымен, шындықтың тегіне

тиіспеген, артық нәрсеге, қиянатқа бармаған.

Тұрсынбай датқаны «қасының құтын қашырған, билік пен батырлықты қатар ұстаған» деуі тегін болмаса керек. Өзіне бекітілген аймақты аралап, ел басқара жүріп, әр рулы ел арасындағы сол кездегі қазактың өмірінде жиі болып тұратын жер дауы, жесір дауы, барымта мен үрлық және т.б. түрлі талас-тартысты көзімен көрген датқа жүртшылықты тәртіпке, ымыраға шақыру мақсатымен ұзындығы 140 шакырымға созылған өзі басқарған аймағында арасы 60 шакырымға жуық қашықтықта Қоқан ханының келісімі мен екі дар құрыпты. Бірі қазіргі Ботабай ауылының дария жақ бетіндегі «Алтынбек» аралының онтүстігіндегі дария жағасында да, екіншісі қазіргі Амангелді ауылына қарасты дария бойындағы «Мырыштың түбегі» деген жерде орнатылған. Бұған, бір жағынан, датқалықтың Қоқан хандығы жүйесіндегі тәртінші билік екенін, екінші жағынан бұл биліктің өз аймағында шексіздігін көрсетеді. Соңан соң алыстағы ханның жарлығы мен тәртібі Сыр бойында орындалып жатса, ханға бұдан артық не керек. Алайда жергілікті халық «дар құрган Тұрсынбай датқа» деп атап кеткенімен, бұл дарларға ешкім тартылмаған. Осы арада «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген Бауыржан батырдың сөзі еске түсіп отыр. Жалпы, тәртіп – елдің көркі, ердің сынары.

Ақылды, қажырлы Тұрсынбай датқа елін, жерін сақтау жолында түрлі халыққа тиімді әдістерге барып отырған. 2005 жылы Алматыдан шыққан «Қажы Мәдіқожа (Диуана) ұрпақтарының шежіресі» деген кітапта ел ішіндегі мынандай бір оқиға туралы жазылған. 1840-1841 жылдарда Асанас манындағы Иіркөлге Орта жүз бен Кіші жүздер таласып, қол жинай бастайды. Көлге байланысты дау-жанжал кезінде Орта жүзден қыпшақ Тұрсынбай датқа, Кіші жүзден жаппас Басықара би тағы басқалар ақылдаса келе төрелік айтуда қожа Сайыпназар ахунды белгілейді. Соңда жиналған көвшілікке Сайыпназар ахун: «...Бұл көлді Кіші жүзге бұрсам Орта жүз, Орта жүзге бұрсам Кіші жүз құп көрмес. Мен Құран ұстап тұрып айтамын, Иіркөлдің екі бетіне екі ел мешіт салсын. Ол мешіттер екі елдің балаларын имандылыққа ұйыттар орын болсын, ортақ көл ынтымақты төрі болсын, әумін», - деп батасын беріпті. Сөйтіп Орта жүз бен Кіші жүздің отырған Иіркөлдің терістік шығыс жағында медресе, кітапхана орналасса, батыс жағасында «Қыстай мешіт» салынған екен. Міне, қазағымыздың тұра сөзге токтаған игі істерінің бір көрінісі осындай болған.

Тұрсынбай датқа өз қарамағындағы ауылға қорған да бола білген. 1844 жылы Кенесары ханының кейбір жасақтары қыпшақтардың 20 ауылына шабуыл жасағанда, 1845 жылы Тұрсынбай бидің Кенесары ханмен кездесіп, келісімге келуі нәтижесінде өзінің қарамағындағы ауылдарды қорғап қалған. Бұл сөздерімізді растаның құжаттар Кенесары көтерілісі жайлы жазылған түрлі анықтама, тапсырма рапорттарда көрініс береді. Сол құжаттардың бірінде (5 қараша 1845 жылғы сұлтан Ахмет Жантөриннің жазбасында) Кенесары Қасымовтың ордасы Қаратая, Қарамұрын, Сегізсай, Айнакөл, Сарысу, Сырдария өзені бойына жақын келгені және қырқүйек айының ортасында қазақтардың белгілі билері Балаби, Досбол, Тобагабыл, Тұрсынбай, Торғайлармен кездесіп, оларды өз жағына тартып, Қоқан бекіністерін жаулап алуды ойластырып отыр деп жазылған.

Туган әкем Қошқар да, баласы болмағандықтан мені бауырына салған анамның агасы Бәкір де 1942 жылғы соғысқа кетті де мен оның ағасы Сопбектің Ахметінің тәрбиесінде болдым. Ол кісі араб, парсы тілдерінен хабары бар оқыған еді. Үйге қонақтар келгенде Фердоусидің «Шахнамасындағы» Рустем-Дастан жырларын оқып беріп, әнгімелеп отыратын. Осы атамнан Тұрсынбай датқа туралы естіген бір әнгімені назарларыңызға ұсына кетейін.

Қазақ даласы ауа райының қаталдығынан жұтқа жиі-жиі ұшырып отырғаны белгілі. Бір

жыл шаруаға жайсыз болып, салық уақытылы төленбей Қоқан хандығы датқа ауылына күш көрсету мақсатымен қарулы кісілер жібереді. Тұрсынбай датқа қарулы қолға жағдайды түсіндіреді. «Халқымда шаруаларың болмасын, олардың жазығы жоқ. Қыс қатты болып, мал шығынға ұшырап, жаз қатал болып, егін шықпай, халық өз күнін өзі көруге зар болып отыр. Оларға тиіспендер. Маған не істеймін десендер ерітерін, мен дайынмын» деп қасқып тұрып алады. Келген қол өз беттерімен еш әрекетке бара алмай, датқаны хандарына алып кетеді. Тұрсынбай хан алдында да тайсалмайды. Ол салық төлемейміз демейді, оның жылдан-жылға ауырладап бара жатқанын, азын-аулақ мал, егінмен күнелтіп отырған халыққа ауыр тиіп отырғанын жүйе-жүйесімен айтып береді. Әсіресе, соңғы жылдың қуаңшылығынан шөп шықпай, малдың арық, егін шығымының төмен болғанын айтады. Сөзі салмақты, әнгімесі уәжді болады. Тұрсынбай датқа сөзден де, батылдықтан да ханға алдырта қоймайды. Берісі Сыр бойы, арысы қалың ұлы жүз қазактарынан тайсалған хан тікелей әрекетке бара алмайды. Бірақ өзіне қарасты елде мұндай басшының болғанын қаламаған хан арам ойға барады. Елге қайтар датқаның үзенгісіне у жақтырып жіберіпті дейді. Ол жол бойы бірте-бірте бойға дарып, датқа Түркістанға жеткенде қазалы болып, Түркістан мавзолейіне жерленеді.

Ел ішінде әділетсіздікке жол бермеген, халықтың бірлігін сақтап, осы жолда сан ғасырдан келе жатқан ұлттық салт-дәстүрлерімізді көздің қарашығындай қорғаған, өзінің бар рухани күшін аямаған, қажет болса, өмірін де құрбандыққа шалған Бүркітбайұлы Тұрсынбай датқаның кешегі құресі бүгінгі күні тәуелсіздік туын берік ұстаған халқымызды рухтандыра түсері сөзсіз.